

ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



Түркі филологиясы кафедрасы

ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ *пәні*

Оқытушы: Ш.Смамутова

Тақырыбы:

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры

Жоспары:

- 1. Лиро-эпостық, ғашықтық жырлар жайлы жалпы шолу.**
- 2. Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырының варианттары, зерттелуі.**
- 3. Адал, пәк махаббат иелері
Қозы мен Баян бейнелері.**
- 4. Дүниеқоңыз, жауыз ниетті Қодар, Қарабайлар әлемі.**
- 5. Жырдағы жауыздық пен әділет дүниесінің тартысы.**
- 6. Қорытынды.**
- 7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмалық шығармасынан
көрініс



Қозы Көрпеш-Баян сұлу

Қыз Жібек

Күлше қыз,
Назыбек

Қазақ ауыз әдебиетіндегі
лиро-эпос жырларының бастылары

Мақпал қыз

Құл мен қыз

Айман-Шолпан

Бұл жырларда ғашықтық, махаббат әңгімелері суреттелуімен қатар, халықтың ертедегі тұрмысы, саясаты, қоғамдық мәні бар жайлары қамтылады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры бір-бірімен қатынас жасап, көшіп-қонып көршілес болған елдердің де әдеби мұрасы болып есептеледі.

**Барабин
татарлары**

Алтай

Ұйғыр

Башқұрт

Қазақ

Жырдың халық аузынан жазып алынып хатқа түсірілу кестесі:

№	Зерттелген жылы	Зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар
1	1830-жылы	Шығыс әдебиеті мен араб тілін зерттеуші орыс ғалымы Саблуков.
2	1834-жылы	Омбыда іс жүргізуші болып істеген Ғ.Дербісәлин.
3	1841-жылы	Аягөзде тілмаш болып істеген Андрей Фралов.
4	1856-жылы	Шоқан Уәлиханов.
5	1865-жылы	М.Путинцев «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бір вариантын жазып орыс тіліне аударып, бастырады.

6	1870-жылы	Академик Радлов жырдың бір нұсқасын, өзінің еңбегінің III –томына енгізеді.
7	1876-жылы	Петербург университетінің профессоры И.Н.Березин «Түрік хрестоматиясы» кітабында бір вариантын жариялайды.
8	1898-жылы	Түркістан өлкесінің археологиясын зерттеген ғалым И.Пантусов Қозы мен Баянның моласы дейтін ескерткішін зерттеп, «Орта Азияның ескі заманы» деген кітабында жырдың бір нұсқасын бастырады.
9	1905-жылы	Қазанда Ш.Хусайыновтар жырдың кейбір үлгілерін, үзінділерін газете бастырып жариялайды.
10	1925-жылы	М.Әуезов жырды Москва қаласында бастыруға ат салысты

11	1936-жылы	Алматы қаласында баспадан шықты.
12	1939-жылы	«Батырлар жыры» жинағына енді.
13	1939-жылы	Жырдың сюжетін пайдалана отырып жазушы Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасын жазды, 1940-жылы «Поэма о любви» кинофильмі түсірілді.
14	1940-жылы	А.Твертин жырды орыс тіліне аударып «Песня степей» атты жинақта жариялады.

Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры жайлы ғалымдардың пікірлері:

Г.Н.Потанин: Бұл жырды жоғары бағалап, дүниежүзілік эпостық шығармалардың қатарына қояды. ***«Бұл жыр-дүние жүзінде ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма»***-дей отырып, Потанин оны Ромео мен Джулиеттаға теңейді.

Орыс ғалымдары *Н.Абрамов, Н.Пантусова, И.Кастанье:* Қозы Көрпеш-Баян сұлу моласын зерттей келіп, оны ерте заманның архитектуралық өнерін көрсететін белгі деп қарайды.

ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ КЕСЕНЕСІ



Қозы Көрпеш – Баян Сұлу кесенесі

Қозы Көрпеш - Баян сұлу ескерткіші – Қозы Көрпеш пен Баян сұлу қабіріне тұрғызылған кесене. Семей өңіріндегі Аякөз өзенінің сол жағалауында орналасқан. Мазар шошақ күмбезді, қалақ тастан төрт қырлы жобамен қаланған. Биіктеген сайын сүйірлене береді. Жалпы биіктігі – 12 метр. Ескерткіштің қай ғасырда тұрғызылғаны туралы тұжырымды дерек жоқ. Құрылыс үлгісі дыңға ұқсас болғандықтан, қазақ жеріне ислам діні тарамай тұрып салынған деген жорамал бар. Қозы Көрпеш – Баян сұлу ескерткішінің жанында тас мүсіндер болған. Осы тас мүсіндерді 1856 жылы Шоқан Уәлиханов қағаз бетіне нобайлаған. Онда қасиетті құты ұстаған үш әйел мен бір еркектің бейнесі суреттелген. Халық аңызында үш әйелдің бірі – Баян сұлу, екіншісі – сіңлісі Айғыз, үшіншісі – апасы, ер адам – Қозы делінеді. Қазір тас мүсіндер жоғалып кеткен.

Қазақ ғалымдары *С.Мұқанов, Х.Жұмалиев, Ә.Марғулан, М.Ақынжанов* өз еңбектерінде бұл жырдың халықтық сипаттағы жыр екендігін дәлелдейді.

Қазақтың лиро-эпостық жырларын зерттеген *Ы.Дүйсенбаев* «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырын арнайы тексерді. Ол бұл жырдың қазақ арасында сақталған варианттарын башқұрт, ұйғыр, барабин татарлары мен Алтай елінде айтылған түрлерімен салыстыра зерттейді. «Қозы мен Баян тарихи адамдар емес, олар халықтың аңыз-ертегілері жасаған кейіпкерлері деген қорытынды жасайды.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында арыдан келе жатқан салт-дәстүрі кең көрініс табады:

1. Ана құрсағында жатқан балаларды «белқұда», «ежеқабыл» деген батамен құдаласып қосылуға міндетті болуы.
2. Күн көрістің ескі түрі аңшылық кәсібінің көрінісі.
3. Тазша Сарыбайдың қазасын бәйбішесіне түс жорыту түрінде жорыту түрінде ескерте отырып көңіл айтуы.
4. Тайлақ би бастаған ел Сарыбайды жаназа шығарып құрметтеп жерлеуі, басына күмбез орнату, сауын айтып ас беру.




Қозы
үшін бұл дүниеде
ешнәрсе жоқ,
болмақ емес!

Ер жігіттің намысы

**Жарына арналған
ыстық махаббат**

Қозы!



*Алдымда неше қатер, тұрса да оқ,
Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ.
Сұлуын дүниенің жисаң-дағы,
Бір жарымдай болмайды көңіліме тоқ.*





Баян

Махаббат жолындағы
қасиетті ерлігі:

Өзінің сүйіспеншілік
сезімін ажалдан да
жоғары
бағалауы.

Қаза тапқан жарының
кегін қайтарып, Қодарды
құдыққа түсіріп өлтіруі.



Баянның жырдағы дәріптелуі:

Тал шыбықтай бұралған өзі көрім,
Мінеки, оны айтатын келді жерім,
Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян
Сипаты жаннан асқан ол бір серім!

Тал бойының міні жоқ, қолаң шашты,
Шашының ұзындығы тізін басты.
Гүл төгілер аузынан меруерт тісті,
Ондай, жан дүниеде жаралмас-ты.


Аппақ керік маңдайлы, қылығы наз,
Малың түгел басыңды берсең дағы аз.

Сыртыңнан күлімсіреп сөйлесе де,
Көңілі қош болмайды, баймен араз.

«Қас асыл бойы жетті, алтын кірпік.
Шақырып Қодар келсе үйтіп-бүйтіп,
Қара көзін қан басып қарағанда,
Маңына жоламайды Қодар үркіп.

Қарабай-адамгершілік, обал-сауапты белден басып кете беретін дүниеқоңыз, қаражүрек жан екені бірден аңғарылады. Қатыгездік, дүниеқорлық, опасыздық сияқты мінез-құлықтардың бәрі Қарабай бойынан табылады.

Тұрады сол Қаракең өнер бастап,
Кәпірді көрген Адам тұрмас қостап.
Маралды егіз қодығымен теңдеп алып,
Достысын бек сөйлескен кетті тастап.



*Былылдама, сөзіңе тіпті ермеймін.
Ұмыт болған сөзді мен жөн көрмеймін.
Сен он екің к... қыс, үйіңе қайт
Жетім ұлға құда боп қыз бермеймін*

Қарабай:

Жас құлыным қырылды тамам, Қодар
Бір су тауып берегөр маған, Қодар,
Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,
Ақ Баянды беремін саған Қодар.

Қодардың портретін жырда «бойы он кез», «жауырыны жалпағына үш жарым кез», «сыңар жұдырығы қол ағаштай» деп әсірелей суреттейді.

Қодар-ұрда-жық, о жар жан. Ғашық жастардың арасына килігеді. Баянды жүрекпен емес, білекпен алмақ болады. Екі жастың бақытсыз болуына себепші адамның бірі ретінде көрінеді.




*Мұнша қастық қылғандай неттім, Баян,
Әке-шешем жылатып кеттім, Баян.
Тілеуші едім сені жақын қыл деп,
Аңдып жүріп түбіме жеттім, Баян.*

*Айда Баян, ай Баян, неттім, Баян,
Айтпай жүріп түбіме жеттім, Баян.
О дүниеде артыңнан еш қалмаспын,
Ақ тікен араңа біттім, Баян.*

Баян Қодарды жайратып тастап,
сүйген жарының басына келіп
зарлағаны:

**-Ботасы өлген боз інген алып келдім,
Мен Баян тал отындай жанып келдім.
Қодар құлды құдыққа құлаттым да,
Аза тұтып басыңа налып келдім.**



Қозекем, жатырмысың жер бауырлап,
Қобы жонда қайың боп оқ соны ауырлап.
Тұрар болсаң тұрсайшы, Қозыкежан,
Баян жас алған жарың келді зарлап.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

№	Авторы	Жылы
1	М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.	Алматы. 1981ж
2	Ә.Қоңыратбаев. Қазақ фолкльорының тарихы.	Алматы 1991ж
3	Қазақ әдебиетінің тарихы. I том.	Алматы 1991ж
4	Қазақ эпосы.	Алм.1987ж
5	М.Әуезов. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»	Алм.1986ж

6	З.Сейтжанұлы. Халық әдебиеті	Алматы 2002.
7	Қозы Көрпеш.	Алматы 2002ж

НАЗАРЛАРЫҢЫЗ ҮШІН РАХИМЕТ!